

**"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2248

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

1995 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының заң актілерін "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкестендіру туралы Қазақстан Республикасының

Президентіне ұсыныстар берсін;

1995 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан Республикасы Президентінің аталған Жарлығымен сәйкестендірсін;

1995 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және ведомстволарының Қазақстан Республикасы Президентінің осы Жарлығына қайшы келетін өздерінің нормативтік актілерін қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті